

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2021)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области лингвистики, и языкознания

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/MPRM4825>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анессова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

***Б. Ә. Көшімова, Ш. С. Әбішева**

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан Республикасы, Ақтау қ.

ТОПОНИМДЕРДІҢ КОНЦЕПТІЛІК СИПАТЫ

Мақалада топоним мен бүгінгі лингвистикалық зерттеулердің діңгегі болып табылатын концепт ұғымының арасында қандай байланыс бар деген мәселені қарастырамыз.

Қазіргі тілтұтынушы санасы үшін географиялық атаулар тек жер бағдары емес, одан жоғарылау, сезім мен эмоция араласқан мәдени құндылықтар. Бір елді мекенге сол жердің географиялық ерекшелігіне сай, не халық қоныстанған тарихи сипатына қарай, не оны ашқан тарихи тұлғаның есіміне орай, болмаса кездейсоқ бір атау қойылған болсын. Атаудың өзі біраз уақыт өткен соң-ақ уәжділігін маңызды етуден қалады. Жер-су атауының неге олай аталғаны енді бізге мәнді емес. Атау тек инвентарлау үшін, таңбалау үшін қызмет атқара бастайды. Бірақ уақыт өте келе елді мекеннің тарихы, оны мекендейтін елдің, халықтың тарихымен астасып кетеді де, жер атауы сол мекеннің тұрғылықты халқы атауына ассоциация жасайды. Енді жер атауы емес, халық атауы, сол халықтың менталитеті басым күш ала бастайды. Сонда топоним, алдымен, ол атаған кеңістіктің физика-географиялық жағдайын, екінші адамға берер жер байлығын, сосын ол жерге қоныстанған халық дүниетанымы мен құндылықтарын немесе жер табиғатының әсемдігін, болмаса климатының адам төзбес жайсыздығын ассоциациялайды. Жер-су атауы бір ғана мазмұн межесі бар, ол тұрпат межесіне сәйкес түсе қоятын таңба емес. Топонимдер – бойында бірнеше семалық бірлік жинақталған, халықтың ментальді өмірімен байланысты этномәдени бірлік.

Кілтті сөздер: топоним, концепті, ассоциация, мәтіннің мотивтілігі, этномәдени бірлік.

Кіріспе

Бүгінде Қазақстан географиялық картасындағы жер-су атаулары ресми түрде бекіді, тұрғылықты халық санасында орнықты, айту нормасы мен жазу нормасы тұрақталды. Елді мекендердің саяси-әкімшілік бөлінісі

айқындалды. Қазақстанның бір өңірінің тұрғыны өзен-көл, тау атауларын былай қойғанда алыс аймақтағы аудан орталығы, шағын қала атауларын біледі, Қазақстанның жер-су атауларынан жалпы алғанда білім қоры бар. Сарыарқа десе орталық Қазақстан, Балқаш десе, оңтүстік-шығыс Қазақстан, Көкшетау десе солтүстік Қазақстан, Жалағаш десе, Қызылорда жері, Шалқар десе, Ақтөбе мен Қызылорданың арасы бағдарланады. Сонымен қатар, Көкшетау – «Оқжетпес», «Сәкен» (Сейфуллин), «Ақан сері», «жер жаннаты» деген ұғымдарды, Маңғыстау – «Бекет ата», «адайлар», «Каспий», «мұнай», «ақша» деген түсініктерді, Алматы – «Алатау», «апорт алма», «желтоқсан» деген мағыналарды ассоциациялайды. Мұның біріншісі бағыт-бағдарға қызмет ететін, кез келген тілтұтынушысының санасында болатын қарапайым білім, екіншісі жинақталған білім негізінде алынатын, әртүрлі салыстырулар мен ұқсастырулар, қорытулар арқасында пайда болған білім. 1965 ж. өзінде-ақ В. А. Никонов топонимдердің үш мағынасын көрсеткен екен: топонимдікке дейін (этимологиясы), топонимдік (географиялық), топоним болғаннан кейінгі адам санасында туатын ассоциациялар негізінде пайда болатын мағына.

Осы арада біз топоним мен бүгінгі лингвистикалық зерттеулердің дінгегі болып табылатын концепт ұғымының арасында қандай байланыс бар деген мәселеге тоқталып көрдік. Өйткені жоғарыда айтылып келе жатқан пікіріміз бәрібір осы лингвонцептологиялық зерттеулердің «қорасына» қарай айдады.

Бұл сұраққа бізге дейін де қазақ топонимист ғалымдары жауап беріп көрді. «Нас заинтересовала проблема концептуализации топонима. Каковы потенциальные возможности концептуализации и какова специфика этой концептуализации? В связи с этим закономерен вопрос – все ли топонимы являются концептами? Безусловно, не всякий топоним может быть концептом, для этого топоним, прежде всего, должен являться широко известным большому количеству национально-культурного социума и ярким фактом культуры» дейді Қ. Рысберген [1]. Ары қарай зерттеуші *Қазығұрт*, *Жетісу*, *Сарыарқа* атауларын топонимдік концепт деп, ал *Қыз Жібек*, *Алдар Көсе*, *Асан Қайғы* антропонимдерін антропонимдік концепт деп танытынын айтады. «Олардың концептілік құрылымын талдау үшін тарихи, азаматтық, этникалық мәдениетіміздегі нақты оним феноменінің орнын анықтау қажеттігін, бұл концептілердің ұғымдық, бейнелілік және аксиологиялық сипаттамаларын айқындауды, сөйтіп, олардың ұлттық ғаламның тілдік бейнесіндегі әлеуметтік-мәдени ерекшелігін көрсетуді ұсынады. *Қазығұрт* топонимдік концептісінің өзегінде мифологиялық компонент жетекші орында болса, *Алатау* концептісінде эстетикалық компоненттер басым келетіндігіне көз жеткіздік», – дейді [1]. Яғни Қ. Рысберген қазақ тіл білімінде алғашқылардың бірі болып, топонимдердің концептуалдануы, концепт бола алатын жер-су атауларының белгілері деген мәселелерді айқындайды.

Орыс тіл білімінде *Мәскеу, Сібір, Петербург* топонимдеріне концептуалды талдау жасалған еңбектер бірнешеу. А. М. Литвинова: «Біздіңше, топонимдер өте бай концепт бола алады. Ол халық дислокациясының орнын көрсете отырып, ментальді әлемде көптеген ассоциациялық образдар береді. Топоним бейэквивалентті лексика болғандықтан концептінің бірегейлігін көрсетеді. Топонимнің концептіге айналуы үшін сол жердің халқына тән, салт-дәстүр, дін, дүниетанымынан шығатын көптеген концептуалды сипаттар керек. Оним семантикасынан а) субъективті, ә) объективті, б) әлеуметтік-шартты, в) эмоция, ассоциациялардан шығарылып концепт құрылады» дейді [2].

Зерттеудің нысаны: Қазақстан макротопонимдері.

Зерттеудің пәні: топонимдік бірліктер арқылы репрезентацияланатын онимдердің концептуалдық мазмұны.

Мақсаты: топонимдердің поэтикалық мәтіндер негізінде концептуалдану үдерісін көрсету болып табылады.

Міндеттері:

- қазақ топонимдерінің концептуалдану сипатын көрсету үшін ақындар дискурсындағы топонимдер концептісінің репрезентациясына талдау жасау;
- көркем дискурстағы топонимдердің концептісінің репрезенттелу ерекшеліктерін көрсету.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі:

Поэтикалық мәтіндердегі топонимдердің концептуалдану үдерісін көрсету үшін контекстік талдау, концептуалдық талдау әдістерін қолдандық.

Топонимдердің концептуалдану үдерісінде туған жер, атамекен, киелі мекен эмотативтері мен сөйлеу тіліндегі лингвоәлеуметтік негіз айрықша маңызға ие болатыны дәлелденді. Тілді сол тілді тұтынатын халықтың санасымен, дүниетанымымен, дәстүрімен, менталитетімен, құндылықтарымен, ойлау жүйесімен тығыз байланыста қарау тағы да ұлттық тілдің басқа тілдерден өзіндік, қайталанбас ерекшеліктерін тануда, анықтауда үлкен нәтижелерге қол жеткізеді.

Тіл деректерінің ішінде жалқы есімдердің таңбалық сипаты жалпы есімдерге қарағанда басым, себебі олар мәдени, тарихи контекспен етене жақын. Жер бедеріне атау беру – адамның табиғатқа қожалығын, иесі болуының алғашқы қадамы. Сондықтан топонимдер белгілі бір шынайы мәтіннің, деректі сөздің (речь) жемісі болып табылады.

Топонимнің концептіге айналуы үшін алдымен қарапайым түсініктің болуы шарт. Жер-су атауы таныс болуы мүмкін, таныс та әрі бейтаныс та болуы мүмкін, бейтаныс та таныс та болуы және бейтаныс болуы мүмкін. Мысалы, адам сол жердің тұрғыны болмаса да, ол жерге ешқашан барып көрмесе де, бірақ сол жердің тұрғынымен тығыз қарым-қатынаста болса, ол жер туралы БАҚ-тан жиі естісе, көркем мәтіндерден оқыса белгілі бір деңгейде

білім қоры бола бастайды. Енді сол атауды естігенде белгілі бір құндылықтар, мәнді белгілер ассоциацияланады. Топоним арқылы жер бағдарымен қоса оны мекендейтін халықтың менталитетін қоса қабылдап отырады.

Бірақ топонимдердің концептуалдануында мынадай бір ерекшелік бар сияқты: топоним сол жердің ата-бабасы ертеден мекендеген тұрғылықты мекеннің атауы болса да, одан алыстағы таныс та бейтаныс басқа жақтың адамының санасындай маңызды концепт бола алмайды. Мысалы, Маңғыстау атауы Тұщықұдық ауылының тұрғыны үшін ерекше мәнге ие болмайды, айтарлықтай ассоциация тудырмайды. Керісінше бұл атау осы өңірге ынтық, бұл өңірден жырақта жүрген, туған елін аңсаған немесе интеллектуалды өнімдерден осы мекен туралы мол ақпараты бар тұлғаның санасында аса мәнді құндылықтардың қатарынан табылар еді.

Бір атаудың концептуалдануы алдымен сөйлеу тілінде пайда болады, коммуникативті актінің бірлігі болады. Сөйлеу тілінде жиі қолданылатын, кейін тілтұтынушылардың коммуникациясында, тілдік тұлғалардың сөз саптауында, публицистикалық, көркем дискурстарда жаңа перифраздар мен тіркестер тудыратын, ол атау сөз арасында айтылмаса да тіл тұлғаларының ішкі сөйлеуінде есепке алынатын, адресат жақ сол ұғым екенін атау айтылмаса да болжап отыратын топонимдер бірте-бірте концептуалдана бастайды. Бұл коммуникативтік актінің жеңіл өтуіне көмектеседі. Сонда концептілік сипаттар концептіні коммуникативті релевантты етеді. Концептінің ұғымдық компоненті санада вербалді түрде сақталады, сөйлеуге бірден тіке қатыса береді. Когнитивті белгілер – ұлттың белгілі бір тарихи, мәдени дамуындағы адамның ойлау қызметінің нәтижесі.

Жай, қатардағы, тілді тек қарым-қатынас құралы ретінде ғана тұтынатын, төмен деңгейдегі тілұстармандар санасы үшін қандай да бір түсінік (представление) болып қаланатын жер-су атауы туралы ұғым, тілді қарым-қатынас құралы ғана емес, білім, оқу-ағарту, өз ойын жүйелеп жеткізудің амалы ретінде тұтынатындардың санасында біршама бай контеске ие болады. Ал әдеби тілді жоғары деңгейде меңгергендердің коммуникациясы ол атауларды түрлі ассоциациялармен, жаңа лексикалық бірліктер мен фразеологиялық тіркестер негізінде ғана жұмсайды. Сөйтіп, жоғарыда айтқандай, концепт интеллектуалды ой-сананың үшқырлығына табан тірейді. Тілде неғұрлым концепт көп болса, тіл соғұрлым дамыған болып есептеледі. Шаршысөз, көркем дискурстарда неғұрлым ауыс, жанама мағына, метафора, метонимиялық мағына, ассоциациялар дәл жұмсалса, ол сөз шешендік сөз, жоғары деңгейдегі көркем мәтін болып саналады.

Біз шешен сөйленген сөзге ұйымыз, өзіміз бейнелі түрде ойлана алмасак та бейнелі тіркестерді жанымызға жақын қабылдаймыз, әсерленеміз. Ақындардың дәл өзіміздің ойымыздағы нәрсені қалай дөп басып айтатынына

таң қаламыз. Тауып айтылған, шешен айтылған деп бағалаймыз. Бұрыннан есте бар, бірақ ұмытылған сөз орамдарын қайта еске түсіргендей сезінеміз. Жоқ бұлай сөйлемейді, қазақ тілінде бұндай тіркестер жоқ, болып көрмеген демейміз. Есімізге енді түскендей қуанып қарсы аламыз, жағтаймыз. Бұрын мән бермеген немесе жете түсінбеген заттар мен құбылыстар туралы біліміміз молаяды. Себебі көркем сөз адамның бірінші эмоциясына әсер етеді. Эмоциялық әсер бірте-бірте қордаланып, түсінік, ұғым, соңында барып концептіге айналады. Сондықтан кез келген концептінің пайда болуында адамның эмоционалдығы, мәтіннің эмотивтілігі тұрады. Мәтіннің эмотивтілігі жазушының ассоциациялық ой-ұшқырлығына, метафоралық қолданысына, тілдік тұлғасының мықтылығына тәуелді. Мысалы, Маңғыстаудың адуын ақыны Светқали Нұржан Алтайға барып, Жүргенге дем, *Өр Алтай, білгенге кен, қалып қойғым келеді түрмеңде мен* дейді. Алтаймен адамша немесе сол жердің иесі түрінде сөйлеседі. *Түрмеде қалу* (өз еркімен) деген тіркес түрмеге түсу деген тіркеспен кері ассоциацияға түседі. Түрмесі де жұмақ болып көрінетін ол өңірді кімнің де болса көргісі келетіні рас. Оқушының, сөйтіп, эмоциясына бір сигнал түсті. Бұрыннан бар Алтай туралы білімі жаңа образбен толықты. Тағы ақын: *«Шыршалардың басынан шырақ жанса, күмбірлейді самырсын тірі адамша, Асығады Алтайдың барлық суы Құшағына Қатынның құлаганша»* дейді. Мұндағы эмотив – Қатынның құшағына құлау. Қатын – автордың өз шығармашылығындағы жеке интерпретациясы бойынша Катоннан қатынға өзгертілген атау. Бұл амал жаңа фрейм жасау үшін қажет болды. Әдеттегі сөзқолданыстарда *арудың құшағына құлайды, арудың құшағына асығады*. Таптаурын болған, үйреншікті әйелінің құшағына асықпайды. Осы екі ой-бейне кері ассоциацияланып, оқырманның санасын елп еткізетін образ жасаған. Бұл арадағы негізгі мотив – өр Алтайдың сұлулығын беру. Алтай топонимінің концептуалдануында эстетикалық, эмотивтік компонент жетекші орында (Светқали Нұржан: *Құшам тасты күмбірлеп бабам құсап, Мен қайтейін Өр Алтай, биігіңді; Алтын да бесік өр Алтай, Жаннаты пұшапқ Жетісу, Жырлы Сыр, Сазды Сарыарқам, Ата да қоныс Үш қиян, Арманым жоқ дүр жалғанда, жолына шашқан шашу боп, мәңгі жоғалсам*).

Қазақстанның жер-су аттарынан ұлттық концептіге айналғандар қатарына Алтайдан басқа *Алатау, Жетісу, Қазығұрт, Сарыарқа, Алматы, Көкшетау, Түркістан, Астана, Арал, Маңғыстау* топонимдері жатады. Бұл атаулардың концептуалдануында негізінен эстетикалық компонент басым болды. Жер бедерінің сұлулығы, қайталанбас әсемдігі кімді де болса таңғалдырады. Шығармашылық тұлғалардың образ жасауына әкеледі. Ол бейнелер тілтұтынушылардың эмоциясына әсер етеді, мәтіннің эмотивтілігін арттырады. Топонимнің образдармен, ассоциациялармен, метафоралармен

баоы жер-су атауының географиялық кеңістік атауы болған жалқылық сипатын әлсіретеді. Атауды жалпыландыра бастайды. Топоним сол өңірдің айрықша сұлулығын бейнелеген көрінісімен қабылданады. Ал кей атауларда, мысалы, *Қазығұртта* мифологиялық компонент, *Астанада* ресмилік компонент, *Аралда* трагедиялық компонент басым. М. Мақатаев *Алатауды көңілдің нұрын алады; көздің нұрын алады; оған таң тамашалап қарайды; өзі аппақ басты, ақсақалды; сондықтан ол – үлкен үйдің ошағы, өзі - аға, дос бауыр, бір кезде – жарықтық, кейде – тәкаппар, босаға, амандықтың тірегі болады.*

Т. Молдағалиев үшін Алатау

а) сырлас дос (*Ей, Алатау, сырласпадық сен екеуіміз көп болды; ана (Жас Тұманды ойнатып ең ойпаныңда, беліңде, Манау кәрі Тұманды да аялай көр, жан анна, құшағыңда ұйықтап қалып, құшағыңда оянушы ем. Ей, Алатау жан анам кең пейілді, Сен күн сайын тудың ба мендей ұлды, келем-келем өзіңді аңсап ылғи кешір сорлы балаңды Алатауым);*

ә) бейіш, бейбіт, құт-береке мекені (*аю да мұнда, елік те, қасқыр да мұнда, туысып кеткен сияқты аңдар тағы; саған келіп дамылдармын дамылдайтын кез жеткенде; Ей, Алатау, қойыңда бабам көшкен, аялаған оны да сен емес пе ең);*

б) ең жақын қадірлі адам (*Алатауым, аманбысың мен сағынып қалдым сені; қар жамылған қалпыңнан айналайын; сені мендей сүйетін қайда ағайын);*

в) жер бетіндегі ең биік нүкте (*Жол апарды Кавказдың әр шыңына Алатаудан аласа бірақ о да. Жеткен жерім оншама алыс емес, Алатаудың үстінен қарағанда);*

г) сүйгені (*сені жастай сүйіп-ақ ем, сырларыммен, мұңдарыммен, ажыратса уақыт бізді бақ табам, қайда барып; сені көрмеу – бақытсыздық, сені көріп тұрған көздің бақыты да ерек шығар);*

ғ) бәрі мүмкін ертегілер әлемі (*Сен мөлдір ме мендегі ой мөлдір ме, гажайып бір ертекке айналды ірге, өзеніңе бас қойдым шөлдеп келіп, өзім баққан су іштім қоймен бірге);*

д) музасы (*сенің арқаң әндетсем, өлеңдетсем, кетерімде дүниеден арманым не шыңдарыңды өзіңнің көріп жатсам);*

ж) көңілі кең, жүрегі жомарт (*Жұтып жатсың Алатау, жұтып жатсың, жақсыны да жаманды жатырқамай);*

з) пайғамбар (*Ей, Алатау, пайғамбар әділ патшам; Адамсың, әулиесің, пайғамбарсың);*

и) жаратушы (*Алатау не берсең де берші маған; мен-дағы біреуімін осы көптің, әйтеуір бергеніңді нәсіп еттім);*

й) жер жаннаты (*бауырыңнан көктем кетіп көрген емес, басыңда жатқанымен қар қашанда).*

Мұндағы негізгі элементтер адамның жүрегіне жақын, кимас, қымбат, бағалы мәнділіктер *Алатауды* субъективтендіреді. Алатау әр адамның жеке меншік нысаны ретінде көрінеді. Алатау субъект иесі болып танылады.

Сондай-ақ, тағы да Т. Молдағалиевтің көркем ойлауында енді Алматы топонимі қандай ойбейнелер тудырады екен, қарайық.

Алматы

а) Қазақы менталитет, мейірбандық, мейірімділік (*Бүкіл дүние бейне бір жақсы ағадай, маған ылғи көрсеткен жылы қабақ; он теңге қалтамда, көңілімде үміт, арманымды мен іздеп келе жаттым; мейірімді жандарға жолықтым мен солар мені жіберді мейірімді зып; мың кісіге аштым мен есігімді, үлгісіне алдағы қарап елдің; Алматыда менің тұрған үйім көп, көрген емес жағдайымыз қиын боп; анамсың балаңмын мен мәпелеген, панамсың қолдан алып мәпелеген; Бәріңе де туысым деп сенетін, Бәрін бірдей жан досымдай көретін; Барлық жұртқа аузын ашып сенетін, Барлық жұртты өз туысы көретін*);

ә) шығармашылық мекені (*ару көңілің ұйықтасын, сол аруды жұмыс бар деп таңертең жұлмалама*);

б) дарқандық, қонақжайлық (*үйге кірген қонақпен күн кіреді, әрбір шыққан газетке жаңа өлеңі, жаңа бір той жасатып тұрды ақынға; кешке жақын үйге қонақ толатын, менің үйім мейманхана болатын, бір қонақтар ішіп, тойып алған соң, жөнін таппай біздің үйге қонатын; Киіп кетсе, табылады киім де, Тойшыл едім со бір кедей күйімде; Кейбір қонақ сұрамай-ақ жап-жаңа Богинкамды киіп кете беретін; Әйелімнің тойға киер көйлегін Киіп кеткен мейман қызға не дерсің; Үйімізде ертелі кеш естіліп тұрушы еді-ау махаббаттың әуені; Көңіліміз кең, бірақ бөлме тар еді*);

в) жан жақыны (жан Алматы, Алматым, күн Алматым);

г) ару қыз (*Алатауға арудай жараса бер; Алматым, баяғыдай мөлдірейсің, кінәсіз бір аруды салып еске; Алматым жап-жас нәзік, Алматы жап-жас*);

ғ) муза (*Алматы мені жасартып, қартайтпақ және бар түрі, жанатын біздер күн қайда, таңертең тұрып жыр жазып*);

д) жасыл желек (*өзіңсіз әсем емес осы жалған, жасыл ордам, ерке аймақ, есіл аймақ, жаннатты аймақ*);

ж) қимасы, ғашығы (*мен сенен қайда кетем, қалай кетем, арымдай көрем сені, иманымдай, барымдай, өмір бойы жиганымдай, ғашық ән*). Мұндағы басым элемент – қазақ менталитеті, дарқандық, қонақжайлық. Алматы десе, қазақ халқының дарқандығы, мейірбандығы ассоциацияланатыны.

Қорытынды.

Топонимдер – өзге халық үшін жабық таңбалар болса, өз халқы үшін ашық таңбалар жүйесі. Сондықтан бүгінгі лингвистикада топонимдер

мүмкіндігінше ашуға, оқуға болатын, ақпараттар қоры, таңбалар мен символдар жүйесі деп таныла бастады [3].

Қазақстан топонимдері (Қазығұрт, Түркістан, Көкшетау, Арал, Алатау, Алматы, Астана, Сарыарқа, Маңғыстау, Каспий) эстетикалық, мифтік, саяси, эмотивтілік компоненттерінің басымдылығымен коммуниканттардың санасында жер бедері таңбасынан гөрі мазмұн межесі байыған, ұлттың, халықтың менталитетін көрсететін, тарихи жады қызметін атқаратын концептуалдану үдерісінде жүр.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Рысберген, К. К.** Алгоритмическая матрица оттопонимического концепта: опыт моделирования // Имя. Социум. Культура // Материалы II-ой международной Байкальской ономастической конференции. – Улан-Удэ, 2008. – 306 с.

2 **Литвинова, А. М.** Концепт Сибирь и его эволюция в русской языковой картине мира: от «Сибирских летописей» до публицистики В. Г. Распутина. Автореферат диссертации доктора филологических наук. – Новосибирск, 1988. – 38 с.

3 Орталық Қазақстанның жер-су аттары. – Алматы, 1989. – 254 б.

Көркем әдебиет тізімі

1 **Нұржан Светқали.** Ай таранған түн : жыр кітабы. – Алматы : Жазушы, 2008. – 384 б.

2 **Мұқатаев, М.** Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы : Жазушы. Т.1: Өлеңдер мен поэмалар. – 1991. – 368 б.

3 **Молдағалиев, Т.** Сағындырған көктемдер. – Алматы : Санат, 2001. – 260 б.

4 **Молдағалиев, Т.** Жаз да өтіп барады. – Алматы : Жазушы, 1996. – 400 б.

5 **Молдағалиев, Т.** Мәңгі жас көңіл. – Алматы : Жалын, 2007. – 240 б.

References

1 **Rysbergen, K. K.** Algoritmicheskaya matrica ottoponimicheskogo koncepta: opyt modelirovaniya [Rysbergen, K. K. algorithmic matrix in the oxygen concept: experience modeling] // Imya. Socium. Kul'tura // Mat. II-oi mezhdunarodnoi Baikal'skoi onomasticheskoi konferencii. – Ulan-Ude, 2008, – 306 p.

2 **Litvinova, A. M.** Konzept Sibir' i ego evolyuciya v russkoi yazykovoï kartine mira: ot «Sibirskih letopisei» do publicistiki V. G. Rasputina. [Litvinova, a.m. The concept of Siberia and its evolution in the Russian language picture of the world: from «Siberian summer» to journalism V. G. Rasputina] Avtoferat diss. doktora filol.nauk. – Novosibirsk, 1988, – 38 s.

3 Ortalyq Qazaqstannyń jer-sý attary. [land and water treatment of central Kazakhstan] – Almaty, 1989, – 254 b.

References

1 **Nurjan Svetqali.** Aı taranǵan tún: jyr kitaby. [Nurzhan Svetkali. Night when the moon spreads: a book of Psalms] – Almaty : Jazýshy, 2008. – 384 p.

2 **Muqataev, M.** Úsh tomdyq shyǵarmalar jınaǵy. [Mukataev, M. collection of works in three volumes]. – Almaty : Jazýshy. T.1: Óleńder men poemalar. – 1991. – 368 p.

3 **Moldagalev, T.** Saǵyndyrǵan kóktemder. [Moldagaliyev, T. missed the spring] – Almaty : Sanat, 2001. – 260 p.

4 **Moldagalev, T.** Jaz da ótip barady. [Moldagaliyev, T. summer is also passing] – Almaty : Jazýshy, 1996. – 400 p.

5 **Moldagalev, T.** Mańgi jas kónil. [Moldagaliyev, T. eternal young mod] – Almaty : Jalyn, 2007. – 240 p.

Материал баспаға 16.03.21 түсті.

Б. А. Кошимова, Ш. С. Абишева

Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Республика Казахстан, г. Актау.

Материал поступил в редакцию 16.03.21.

КОНЦЕПТУАЛЬНАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ТОПОНИМОВ

В статье рассматриваем проблему о том, какая связь существует между топонимом и понятием концепта, являющегося стволем современных лингвистических исследований.

В сознании современных пользователей языка географические названия – это не только названия, указывающие направление местности, это что-то выше, это культурные ценности, смешанные с чувствами и эмоциями. Допустим, образовался какой-то населенный пункт. Пусть он назван в соответствии с географическими особенностями

этой земли, либо в соответствии с историей народа, населяющего его, либо именем исторической личности, открывшей его, или же каким-либо случайным названием. Уже через некоторое время первопричина смысла самого названия забудется. Теперь нам неважно почему именно так названа земля. Теперь название начинает служить только для инвентаризации, для обозначения. Но со временем история населенного пункта переплетается с историей его народа, и название населенного пункта начинает давать ассоциации местному населению. Теперь уже начинает усиливаться роль названия народа, менталитет этого народа, а не название местности. Таким образом, топоним, в первую очередь, ассоциируется с физико-географическими условиями названного им пространства, во-вторых, с богатствами, которые он дает человеку, затем с мировоззрением и ценностями народа, обитающего на этой земле, либо с красотой природы этого края или же с невыносимыми для человека климатическими условиями. Географическое название не ограничивается лишь одним значением, это не знак, который можно поставить в соответствии с образной границей. Топоним – это этнокультурная единица, вобравшая в себя несколько семантических единиц и связанная с ментальной жизнью народа.

Ключевые слова: топоним, концепт, ассоциация, эмотивность текста, этнокультурная единица.

B. A. Koshimova, Sh. S. Abisheva
Scientific and Educational Foundation
named after the academician Sh. Yessenov,
Republic of Kazakhstan, Aktau.
Material received on 16.03.21.

CONCEPTUAL CHARACTERISTICS OF TOPONYMS

The article considers the problem of what relationship exists between a toponym and the concept, which is the trunk of modern linguistic research.

In the minds of modern language users, geographical names are not only the names that indicate the direction of the area, they are something higher, they are cultural values mixed with feelings and emotions. Let's say a locality has been formed. Let it be named according to the geographical features of this land, or according to the history of the people who inhabit it, or the name of the historical person who discovered it, or by some random name. After a while, the root cause of the meaning of the name itself will be forgotten. Now we don't care why the earth is named that way. Now the

name begins to serve only for inventory, for designation. But over time, the history of the locality is intertwined with the history of its people, and the name of the locality begins to give associations to the local population. Now the role of the people name, the mentality of this people is already beginning to strengthen but not the name of the locality. Thus, the toponym, first of all, is associated with the physical and geographical conditions of the space named by it, secondly, with the riches that it gives to a person, then with the worldview and values of the people living on this land, or with the beauty of the nature of this region or with unbearable climatic conditions for a person. A geographical name is not limited to just one meaning, it is not a sign that can be placed in accordance with a figurative border. A toponym is an ethno-cultural unit that includes several semantic units and is associated with the mental life of the people.

Keywords: toponym, concept, association, emotivity of the text, ethno-cultural unit.

Теруге 16.03.2021 ж. жіберілді. Басуға 26.03.2021 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
1,80 Mb RAM

Шартты баспа табағы 17,0. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. Шукурбаева
Корректор: А. Р. Омарова
Тапсырыс № 3754

Сдано в набор 16.03.2021 г. Подписано в печать 26.03.2021 г.
Электронное издание
1,80 Mb RAM

Усл. печ. л. 17,0. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. Шукурбаева
Корректор: А. Р. Омарова
Заказ № 3754

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz